

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2331 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 374 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2331 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесінде:

5 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы «ауыл шаруашылығы құрылымдарында және шаруа (фермер) қожалықтарында ұсталатындарды қоспағанда,» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) чиптау (электрондық бірдейлендіру түрі) (ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері).»;

6-тармақтың үшінші абзацындағы «чипты терінің астына енгізу жолымен» деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақтағы «литерлік» деген сөз «сандық» деген сөзбен ауыстырылсын;

18-тармақтың 3) тармақшасындағы және 21-тармақтың бірінші абзацындағы «немесе таңба салуды» деген сөздер алып тасталсын;

20-тармақтағы «, таңба салу» деген сөздер алып тасталсын; көрсетілген Ереженің 1-қосымшасында:

Ауыл шаруашылығы жануарларының литерлік кодтары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Ауыл шаруашылығы жануарларының сандық коды

1 - і р і қ а р а м а л

2 - қ о й м е н е ш к і

3 - ш о ш қ а

4 - ж ы л қ ы
5 — т ү й е » ;

көрсетілген Ереженің 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес
жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми
жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 30 сәуірдегі
№ 374 қаулысына
қосымша
Ауыл шаруашылығы жануарларын
бірдейлендіру ережесіне
2-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларына арналған жапсырмалардың нысандары

(Суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Ірі жануарларға арналған жапсырмалардың бет жағында штрих код болуы
тиіс. Штрих кодпен жануардың жеке нөмірі кодталған.

Таңбаның мөлшері: кәрі мал үшін - биіктігі 8 см, ені 5 см; жас төлдер үшін
биіктігі - 5 см, ені 3 см. Ыстықпен таңбалау үшін ені 18-30 мм, қалыңдығы 3 мм
жалпақ тегіс темірден таңба дайындалады. Суықпен таңбалаған кезде стандартты
өлшемдегі сан пайдаланылады.